

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ  
ҚР БҒМ ҒК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК  
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

**«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»**  
**VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ**  
**ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ**  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
(2020 жылғы 27-28 қараша)

**МАТЕРИАЛЫ**  
**VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ**  
**КОНФЕРЕНЦИИ**  
**«КАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»**  
(27-28 ноября 2020 года)

Ақтобе 2020

## Қ.А.ЯСАУИДІҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ШЫҒАРМАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТҮРІК ДЕРЕККӨЗДЕРІН ТАЛДАУ

Н.Ж. Төлеген

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің сөзінде: «Мәдениеті жоғары, тарихи танымы орнықты, ойы сергек елдің рухы да биік. Рухы биік халықтың іргесі де берік, әлеуеті де қуатты, ынтымағы да жарасты болмақ деп есептеймін» деп айтқан. [1].

Қожа Ахмет Ясауидің түркі жұртшылығының алдында беделінің асқақтауы, бабаның артында қалдырған рухани құндылықты дәріптер Диуани Хикмет шығармасымен байланысты. Баба шығармасының көшірмелерінің табылуы бұл тек қазақ халқы үшін ғана емес, барлық түркі жұртшылығы үшін үлкен қуаныш. Жастар бойындағы рухани қасиеттерді арттырғымыз келсе онда рухани құндылықтың деңгейлі түрде дәріптелуі қажет. Рухани құндылықтың болмыс бейнесін айшықтайтын Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың «Диуани хикмет» шығармасы. Бұл шығарма Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың халқымыздың өшпес тарихында Ұлық тұлға екендігін дәлелдейді. «Өткен Ясауи бабамыздың рухани мұрасын түсіне алмауымыз, бүгінгі Ясауи жолындамыз деп жүргендердің де оны өз дәрежесінде насихаттай алмауында» [2] деп Досай Кенжетай ой түйіндеген. Бұл ой қоғам мүшелері рухани мұраға мұқтаж дегенді білдірсе керек.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде Ясауи бабаның рухани мұрасын зерттеу түрік ғалымдарын қызықтырды. Баба мұрасының аудармалық жұмысымен Кемаль Эраслан айналысса, бабаның шығармасына қатысты деректерді жинаумен Мехмет Фуат айналысқандығын атап өткен жөн болар. Бұдан бөлек Мехмет Фуат Көпрүлү өзінің «первые суфии в турецкой литературе» [3] атты еңбегінде рухани мұраның жазылу себебін айқындап, тілдік мәселені көтерсе, Кемал Эраслан өзінің баяндамасында шығарманың мәтіндік ерекшеліктерін басшылыққа алған. Нияд Банарлы деректері Диуани хикметтің көшірмелеріндегі аудармашылық ерекшеліктерге назар аударған. Бүгінгі күні Диуани хикметке қатысты дерек жинаумен айналысып жүрген Кадыр Өзкеше өзінің баяндамасында Диуани Хикметтің ел арасындағы атқарған қызметімен қоғамның ойлау жүйесіне тигізген әсерін зерттеумен айналысуда. Диуани хикмет ілімін санасына тоғыта алған адам түркі дүниетанымындағы рухани әлеммен сусындап, сан ғасырлар тоғысына сапар шеге алады. Адамды түзу жолға бағыттауға, жаман ой-пиғылдан арылып, кіршіксіз ғұмыр кешуге үгіттейтін, рухани мұраны дәріптейтін бір ғасырда бір туар азамат Ясауи бабамыздың асқан көрегенділігінен туындаған шығарма.

### **1. Шығарманың жазылу себебіне қатысты ғылыми тұжырымдама**

Ортағасырлық Араб пен парсы тарихшыларының назарына ілінген, өзінің ғұмырында қадірлі сопы мәртебесін иеленген Ясауи баба араб пен парсы тілдерінде жарық көрген сопылық мәндегі әдеби шығармалардың түркі жұртшылығына түсінуге қиын соғатындығын түсініп, сопылық әдебиеттегі

ақиқаттың мәнінен хабар берер еңбек шығарып қана қоймай, осы істі шәкірттерінің санасына сіңдіру мақсатын қатар алып жүрген. Осындай ойды талдай отырып, Ясауи бабаның шығармасының атақ-абырой жинау мақсатымен немесе даналығы мен парасатылығын әдеби еңбек арқылы дәлелдегісі келді деген ойдың қате екендігіне көзіміз жетеді. Қожа Ахмет Ясауи үшін атақ-абырой мен даналықтың мақсат орнына, құрал болғандығын түсінеміз.

Баба ішкі жан-дүниесімен кемелдік пен кеңпейілділікке ұмтылған. Ясауи іліміне назар аударталық негізгі орталық нүктесі ол адамдарға дұрыс бағытқа сілтеу бөлімінің кең мағынада қарастырылған. Екіжүзділер сөзінің мағынасы толыққанды ашылып, қатты-қатты тенеулер келтірілген.

Осы төңіректе сопылық бағытты насихаттап, исламтану процессінің кең қанат жаюуына үлес қосқан сопылар қарсы көп болғанымен, түркі халықтарының алдында дәл Қожа Ахмет Ясауидай ешкім атақ-абырой жинаған жоғының дәлелі бүгінгі ұрпақтың Ясауи бабының рухани мұрасын зерттеуге деген қызығушылығынан көре аламыз. Қала ошақтарында дін шырағының жануының бірден бір себебе Ясауи баба.

Қожа Ахмет Ясауи тек гуманитарлық бағыт өкілдеріне ғана емес, сонымен қатар рухани әлемге де өз ілімін бағыттаған. Жұртшылықты діннің шектік өлшемінен босатқан «Диуани Хикмет» шығармасының Орталық Азия территориясында көшірмелері көптеп табылған. Ясауи бабаның даналығы көрініс тапқан толыққанды көшірмелеріне сенім арта аламыз. Қаламмен паракқа түсірілген шығарманың көшірмелерінің ең көнелері XV-XVI ғасырлармен кезеңделеді. Ясауи бабаның даналығынан хабар берер көшірме нұсқалары әрбір аймақта әртүрлі қалам иелерімен паракқа түсірілген. Бір қызығы әр өңірде көшірілген хикмет нұсқаларындағы хикмет санының әртүрлілігі бүгінгі күні бабаның хикмет санын анықтауға қиындық тудыруда.

Ясауи баба жазып қалдырған даналық кітаптың мөрлік нұсқаларының заттай дерек ретінде табылуы, шығарманың бабаға тиесілі екендігін көрсетеді. Өңірлік көшірмелердің барлығында бірдей Міскін Ахмет, Құл Қожа Ахмет деген тенеулер кездеседі. [4].

Ясауи бабаның еңбегінің көшірмелерінде аударма кезінде жазылу формасынан бөлек, мәндік ерекшеліктерді байқауға болады. Әлемдік кітапханалар мен арнайы мұрағаттарда шығарманың мөрлік нұсқалары сақталған. Мөрлік нұсқалардың көбісі Қазан баспасында басылып шыққан.

Кейінірек Ташкент баспасында көрініс тапқан. Сонымен қатар бұл жерде бабаның «Пақырнама» атты трактаты сақталған. Түрік ғалымдары Көпрүлү мен Эраслан деректеріне сәйкес, «Пақырнама» жай ғана трактат емес, бұл Құранның прозалық бейнесі деп бағандаған. Эрасланның деректерінде бұл еңбекті Ясауи бабаның өзі емес, шәкірті бабаның көзқарасымен даналығына негіз деп жазған деп ой қорытындылаған. [4,366]. Көпрүлү еңбегіндегі акпаратқа сәйкес бұл трактаттың негізгі қазынасы Джебахирил-Әббар Мин Әмважил Әл-Бихар, қазір ол жойылған. [5].

Ендігі кезекте шығарманың көшірмелер легін сұрыптасaq: алғашқы көшірмелері Түркия зерттеу институты мен Ахмет Джевероглу, ОЭК-Эсин

қорының кітапхаларында сақталса, келесі орындарға Джон Райналдс университетінің кітапханасымен Әл-Эмири атындағы ұлттық кітапханасында жайғасса, келесі бір легі Кониядағы Мевлана мұражайынан бастап Ленинградтағы Азия халықтары институтының мұрағатына дейін қарастыра аламыз. [4,396]. Соңғы екі ғасырдың алғашқы он жылдықтарында жазбаша көшірмелер басу әдісімен өзгертіліп, Ташкентте 5 рет, Ыстамбұлда 9 рет, Қазан қаласында 5 мәрте басылып шыққан.

Диуани хикметтің мәіі мен Ясауи көзқарасына қатысты барша сауалдарға Мехмет Фуат Көпрүлү өзінің «түркі әдебиетіндегі алғашқы сопылар атты» еңбегінде жауап берген. Кеңестік Республикалар одағындағы барлық мемлекеттер таратылғаннан кейін, барлық түркітөктес мемлекеттерде жаңа мүмкіндіктерге жол ашылып, қайта жаңғыру кезеңі басталды. Өткен ғасырдың соңғы онжылдығында көршілес Өзбекстанда кирилл әріптерімен 2 жаңа басылымы жарық көрді.

Түркия елінде Кемал Эраслан 70 хикметке дайындаған арқа сүйенген Түркия министрлігі хикмет тыңдауын өткізген. Диуани хикметтің өткен ғасырдың соңғы онжылдығында жарық көрген басылымдарды тізбектесек: Эргес Ташмедоглу Эльназардың Түркістан 1991, Ибрагим Хаккулов, Ташкент 1991, Расул Мухаммад Асурбайоглу, Ташкент 1992, Анна Хвалезова, Мәскеу 1992, Расул Мұхаммед Асурбайоглы, Анкара 1993, Юсуф Азмун, Стамбул 1994 басылымдарын атап өтуге болады. [6].

## **1.2. Шығарманың тілдік мәселесіне қатысты М.Ф.Көпрүлү дерегі**

Диуани хикмет әрбір пендеіі ізгілік пен адалдыққа, шынайылық пен кеңпейілділікке, мейірімділікпен жоғарғы тылсым күш бар екеніне иланып, соған ғашық көзқараспен қарауға үгіттейді. Диуани хикмет шығармасының тарихына үнілсек, ең алғашқы кездестіретін мәселеміз шығарманың қай тілде жазылғандығы. Ясауи хикметтерінің қай тілде жазылуын зерттеу үшін ең алдымен А.К.Боровков деректерімен танысу қажет. А.К.Боровков Ясауи бабаның хикметтері ең алдымен қарлұқ халқының диалектінің негізінде жазылған деп ой түйіндеген. Бұл ойының негізі хикметті оқу кезінде шығыс Қарлұқ әдебиеттік әдебін аңғарып, Ясауи шығармасы оғыз-қыпшақ тілінде жарыққа шықты деп ғылымға енгізген. XX ғасырда Ясауи мұрасын зерттеумен айналысқан украиндық Самойлович түрік зерттеушісі Мехмет Фуат Көпрүлүнiң сопылық бағытта діни білім беретін шығарма қалдырған Ясауи бабаның «Диуани хикмет»шығармасы қарлұқша жазылған, себебі Ясауи бабаның кіндік қаны тамған Сайрам шаһары қарлұқ халқына тиесілі болған деген ой түйіндемесінің негізіне сүйеніп, бүгінгі күнге дейін сақталған қолжазбалар мен ел аузынан паракқа түсірілген көшірмелерден XI-XIV ғасыр аралағында қолданыста болған тіл белгілерін байқап, оғыз-түрікмен тілдер жүйесіндегі құрылымға көшірмелердің жазылу стилін ұқсас екендігі айтып, Қожа Ахмет Ясауи шығармасының көне XV ғасырдан төменге қарай бағаланар нұсқасының болмауының нәтижесінде жоғары айтылған сұрақты ашық түрде зерттеушілер назарына ұсынады.

Татарлық ғалым А.Г.Саади Ясауи баба қалдырған заттай дерекпен танысып, Мәулінің діни-сопылық негіздегі еңбегімен қатар Ясауи шығармасындағы тіл мәдениетіне тоқталады. Шығарма мәніндегі идеологиямен жазылу формасы Ұйғыр-Қыпшақ әдебиетіне жақын деп бағалаған.

Түркі әдебиетін зерттеуші Э.Н.Наджиб еңбектерінде де бұл мәселе көрініс тапқан. Зерттеуші ғалым Наджиб Қожа Ахмет Ясауидың рухани мұрасымен толыққанды танысып шығып, Ясауидың «Диуани Хикмет» шығармасы оғыз қыпшақ тілінде дүние есігін ашқан деп қорытындалуының негізіне түркі әдебиетінде ойып тұрып алар орны бар, қарлұқ-ұйғыр тіліне ұқсас Құтадғу білік еңбегінің жарық көруі себеп болған. Бұл талқылаудың түйінін А.К.Боровков өз деректерінде XV ғасырдан кейінгі табылған қолжазбаға қатысты заттай деректер болса да, мәселенің әлі күнге дейін өз шешімін таппауы шығарманың әлі күнге көне нұсқаларының табылмауында жатыр деп ой қорытқан. Не дегенмен еңбектің көне нұсқаларының табылмауы Ясауи бабаның түркі жұртшылығының алдындағы беделімен оның шейх болғандығын жоққа шығара алмайды.

### **1.3.Қ.А.Ясауидің еңбегінің жазылу әдісі**

Қожа Ахмет Ясауи ислам ережелерімен шарифат негіздері баян етілген еңбегі дәруіштер арқылы жер жаһанды кезген. Кейінірек өңірлерде Ясауи бабаның даналығы көрініс тапқан шығармасының қолжазба туындылары кең етек жайды. Ясауи бабамен дәруіштері кезіп өткен даналық тілі кейінірек өзгерістерге ұшыраған. Уақыт өте келе шығарманың тілдік негізі өзгеріп, поляк пен қоқан диалектісі, Шағатай мен өзбек әдеби тілі Орта Азиялық жазу шеңберіне енгізіліп, Шығыс түрік жазу тілін қабылдауы адам санасы мен ақыл-ойына пайдасы зор.

Ясауи бабаның туып-өскен, білім алған жері географиялық тұрғыдан Қарахан мемлекетінің құзырында болуы, шығарманың жазылу тілі осы ортамен байланысты болғандықтан түрік тілінде жазылған деуге болады. Ясауи бабаның даналық кітабын оқи отырып, хикметтердегі соңғы шумақтың бірінші шумақ секілді мәнділігі мен маңыздылығы жоғары екендігін Кадыр Өзкеше өзінің мақаласында атап өткен. Бабамыздың даналықпен жазылған шығармасының таралуында жары мен қызының қосқан үлесі зор. Бабаның көзі тірі кезінде қызы Гауһар Хошназ даналық мәнін ұғынуға тырысып, әкесінен дәріс алған. Кадыр Өзкеше деректеріне сәйкес Ясауи бабамыздың даналығы дәруіштерден бөлек, қызы Гауһар арқылы көрші қолаңға, одан кейін түгел аймаққа таралған. XII ғасырдан бүгінге дейін жалғасқан даналық мәнін түсіндірер шығарманың таралымына оңтүстік өңірде пайда болған «Чаттан»[6] ұйымының қосқан үлесі зор болған. Қожа Ахмет Ясауи өзі арасында болған барлық қоғамдардың қабылдау мен түсіну формаларын ескергендіктен, Ясауи ілімі жұртшылыққа түсінуде қиындық тудырап сопылық нәзіктілік немесе ғылыми тілде жарық көрмей, моральдық мәселелер көтерілген баба еңбегі қарапайым тілде жазылған. [3,154б]. Ақыл кітабы бұл терең немесе поэтикалық сопылық шығарма емес, діни талаптар мен моральдық мәселелер көтерілген дидактикалық өлең ретіндегі қарапайым жұмыс. Ислам түсінігін енді ұғына

бастаған түркіліктерге Қожа Ахмет Ясауи сопылықтың нәзіктілігімен Адаб және Эркан секталарын шынайы және ынталы сезімдерді сезіндіру мақсатында сабақ берген. Барлығы Ясауи шығармасын қарапайым тілде жарияланған десе де, әдеби тұрғыдан қарағанда хикмет мәтіндері күрделі формада жазылған.

Ахмет Ясауи хикметтерінде сенім мен шынайылықты эстетикалық бейнесі арқылы дәлелдейді. Эстетикалық бейне дегеніміз осы тақырыптың төңірегінде ол хикмет жолдарының хақ дидарына деген ғашықтығы мен соны көркем-сұлу ретінде анық қылып бейнелей алуы арқылы түсінуге болады. [6].

Даналық кітабының негізгі мәні ислам дінінің негізгі қағидаттарымен Хорасан сопылық бағытының негізгі ережелерін құрайды. Кейбір хикмет жолдары әлеуметтік-моральдық негізге бағытталғандығының дәлелі бабамыздың отыз сегізінші хикметінде «Арам жеген әкімдер, пара жиған мұндарлар» [7] деп көрініс тапқан. Хикметтерде ғашықтық жол саған бастар бір және бар, не қылсаңда ғашық қылшы Пәруардигар» [7,36] деп Құдайға деген сүйіспеншілік пен сол жолдағы талпыныс жайлы айтылса, келесі бер хикметте «Жоқшылық пен індетке қанағатшыл Мұхаммед, күнә тартқан үмбетке шапағатшыл Мұхаммед» [7,166] деп Пайғамбарға деген құрметпен осы тұлға арқылы игі қасиеттерді насихаттағандығын байқауға болады.

Қожа Ахмет Ясауи шығармасының негізгі идеясы бабаның ішкі жан-дүниесі, қоғам деген көзқарасы мен ойлау жүйесінен хабар береді. Хикметтердің барлығы дерлік әдеттілік, теңдік, жан-дүние мен сананың тазалық принциптеріне негізделген.

Түрік зерттеушісі Көпрүлү «первые суфии в турецкой литературе» [3] атты еңбегінде бүгінгі күні игі іс атқарған немесе зардап шеккен адамдардың ана өмірде кімнің қызметші ал кімнің басшы болатындығынан ешкім хабардар емес деп жазған. Ясауи даналық кітабы арқылы түркіліктерге Құдайға деген сүйіспеншілікті арттырып, ислам негіздеріне пенденің мойнын бұрғызып, бұл өмірге келген әрбір пендеге адамдық мақсатты түсіндіргісі келеді. [8]. Хикметтерінде шыдамдылық пен сабырлылық қасиеттеріне басты назар аударғанының дәлелі үшінші хикметте «бәле келсе, Аюб құсап сабыр қылам» [7] дегені қиындықтың ең қаталы Аюб пайғамбарға берілгендігін мысал еткен.

## **2. Диуани хикметтің түркі дүниетанымындағы орны**

### **2.1. Диуани хикмет идеологиясының қоғамға әсері**

Түрік зерттеушісі Мехмет фуат Көпрүлү өзінің «первые суфии в турецкой литературе» [3] атты еңбегінде 2 бірдей маңызды бөлігін негізге алады:

1. XII ғасырда Қожа Ахмет Ясауи өмірден өткеннен кейін, түркі әдебиетімен ислами қағидаға негізделген Жүсіп Баласағұнның еңбегінен кейін тұрар екінші еңбек «Диуани Хикмет» шығармасы. Бұл шығармалар Түркі әдебиетіне тіл тұрғысынан да тарих тұрғысынан да аса маңызды мағлұмат.

2. Шығарма сопылық түркі әдебиетінде ең көне және мәндік жағынан маңызы зор еңбек болып табылады. Бұл шығарма түркі әдеби дәстүрлерімен исламдық қағидаттардың аспеттесу көрініс тапқан алғашқы еңбек.

Бұхара медресесінде тәлім алған бала Ясауи діннің негізгі тәртіптерімен қағидаттарынан хабар алып, алған дәрісінен қорытынды шығарған бабамыз,

далалық аймактармен қалаларда мекен еткен халықтарға түсінбейтіндерге ауызша, әріп танитындарға жазбаша таратумен айналысқан. Қожа Ахмет Ясауи шын мәнінде Пайғамбардың тікелей осы жолдағы мұрагері болып келеді. Аманат етілген жолда шәкірт тәрбилеп, тәрбиелеген шәкірттері ел кезіп Ясауи ілімін таратуының нәтижесінде түркі жұртшылығы Ясауи бабаны шейх немесе пір мәртебесіне көтерген.

Диуани хикмет» сопылық бағытты негізге алып, түсінікті болуы үшін түркі әдебиетінің мәні астарласқан, ислам әлемінде жеке бұтақ тәріздес шығарма. XII ғасырда Қожа Ахмет Ясауи барлығынан баз кешіп, рухани мұра қалдыруға талпынғандығын және таралым ауқымының кең болғандығын арман етсе, бүгінгі күн жер-жерде бабаның есімін білмейтін пенденің болмауы Ясауи баба үмітінің ақталғандығының көрініс деп қорытындылауға болады.

Ясауитанушы Мехмет фуат Көпрүлү өзінің «первые суфии в турецкой литературе» [3] атты баяндамасында Ясауи шығармасын екі бағытта талдайды: оның алғашқысы исламдық, яғни діни-сопылық элемент ретінде қарастырса, екіншісі ұлттық мәдениетпен халықтық әдебиетке негізделуі деп ой қорытқан. [8,816].

Ясауи бабамыздың хикметтерімен таныса отырып, оның мәніне көз жүгірткен кез келген адам дін ережелерінен хабардар болады. Ясауи ілімінде негізгі құндылық ретінде адамды рухани тәрбилеу басшылыққа алынған.

Көпрүлү атап өткендей: Ясауи бабаның қоршаған ортасы көшпелі шаруалар мен төрт түлік баккан малшылардан тұрған, сол адамдарға арнап қарапайым түрде еңбек жазуы бұл ұлы қасиет пен білімділік. [8,296].

Ясауи бабаның мұрасына қатысыт үрік дереккөздерін талдау, бізге рухани мұраның құндылығының маңыздылығына зерттеу жұмысын жүргізу мүмкіндік береді. Өткен ғасырдың басында-ақ түрік ғалымдары Ясауи бабаның өмірімен шығармашылығына қатысты орта ғасырлық парсы авторларының деректерін түрікшеге аударып, мұраға қатысты этнологиялық дерек жинаумен айналысқан. Ясауи бабаның артынан еріп, ізін жалғастырған кез келген адам бүгінгі күнде сый-құрметке лайықты адамдар қатарынан орын алады. Кемаль Эрасланның деректеріне сай, Ясауи ілімімен сусындаған дәруіштер, хикметтерді қайта-қайта жатқа айтқан. Қожа Ахмет Ясауи түркі жұртшылығының санасындағы қарапайым түсінікті үлгіде көрініс тапқан алғашқы шығарма. Негізгі танымалдылығы ислам дінінің таралуын басқарумен ауқымын кеңейтудегі рөлі арқылы болып табылады. Баба өзінің даналығын екі арнамен таратқан, оның алғашқысы халифалар, ал екіншісі заттай деректер. Ясауи шығармасының ең көне көшірме уақытының өзі XV-XVI ғасырлармен шектелуі, шығармадағы хикмет санының нешеу екендігі сауалынан бөлек, қай тілде жазылғандығы және Ясауи бабаның өз қаламымен жазылғандығы жайлы мағлұматтар әлі күнге дейін жабық ақпарат. Бірақ әрбір көшірмелердегі хикмет саны әртүрлі, тіпті шумақ пен қатар санының әртүрлі болғанына қарамастан, негізгі мән Ясауи бабаның көзқарасы мен ішкі жан-дүниесінен шыққандығын байқауға болады.

Осылайша Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани Хикмет» атты шығармасы Орта Азиялық түркі халықтарына сопылық түсініктен хабар беріп, түркі әдебиетіне негізделген. Сан ғасырлар бойы ислам дінінің таралуына және таралған аймақтардағы халықтың санасы мен ойлау жүйесіне ақпаратты қабылдата алуына себепкер болған Ясауи бабаның түркі жұртшылығына қосқан үлесі зор. Хикметтерінде барлығы сатылы түрде түсіндіріп, дінге енді келген пенденің ақпаратты дұрыс қабылдауы үшін дұрыс бағытта ықшамдап, жүйелі және анық мәнді қылып жасағанының өзі бір парасаттылық деп бағандауға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:**

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, akorda.kz, 2012
2. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, 2004. – 341б
3. Köprülü F. Türk edebiyatında ilk mutasavvıflar. 7 baskı / F. Köprülü. – Ankara, 1991. – 415 s.
4. Eraslan, “Giriş”, Divân-ı Hikmet Seçmeler, ss. 38-39.
5. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет (Көкшетау нұсқасы). – Астана: Фолиант, 2016 6 Көркем аударманың кейбір мәселелері: мақалалар жинағы. – Алматы: Қазмем- көркемәдеббас, 1957.
6. Nihad Sâmî Banarlı, Resimli Türk Edebiyatı Tarihi, Milli Eğitim Basımevi, İstanbul 1997, c. I, s. 280
7. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет (аударма, транскрипция, мәтін, сөздік). Түркістан: Тұран, 2010. – 400 б.
8. Көпрүлү М.Ф. Қожа Ахмет Ясауи танымы мен тағылымы. – Шымкент: 1999. – 246 б.